ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ
071400, СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ
Қ. МУХАМЕДХАНОВ КӨШЕСІ, 8 үй

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012505

№ 3891
-13- 10 2026 ж.

Мектеп басшыларына

Абай облысының білім басқармасының «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы» КММ-нің 09 қазандағы № 01-01/920 хатына сәйкес, «Астана дарыны» дарынды балар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы «**Graphicon Lab**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бірлесіп **«Graphicon» математикалық конкурсын** өткізетіндігі туралы ақпарат жолдайды.

Конкурсқа **1-11(12) сынып оқушылары** математика пәні мұғалімінің жетекшілігімен қатыса алады.

Бір мұғалім шектеусіз сандағы оқушыға жетекшілік ете алады. Қатысу форматы - тек жеке.

Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

- тіркелу **-2026 жылғы 15 қарашаға дейін** graphicon.kz сайты арқылы;
- іріктеу кезеңі —**2026 жылғы 16-22 қараша** аралығында, онлайн тестілеу форматында өткізіледі.

Республикалық кезеңі-**2027 жылғы сәуір** айы.

Республикалық кезеңге өту шарты: **1-6 сынып** оқушылары үшін онлайн тестілеу; **7-11(12) сынып** оқушылары үшін офлайн форматта жобаны қорғау.

Өткізу орны: Астана қаласы.

Жобаны **2027 жылғы 28 ақпан** сағат **23:59-ға** дейін **graphicon.kz** сайты арқылы жіберу қажет. Берілген мерзім аяқталғанан кейін жұмыстар қабылданбайды.

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс номері: 87783825450

Қосымша 8 парақта.

Бөлім басшысының м.а **Г.Нургалиева**

Н.Болатқызы
☎ 87077990629

«КЕЛІСІЛДІ»
«Graphicon Lab»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестік басшысы
_____Б. Мұрат
_____ 2026 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Астана дарыны» дарынды балалар мен
талантты жастарды анықтау және
қолдау орталығының басшысы
_____Ж. Бейсенбаева
«_22_» _____ 2026 ж.

Педагогтер мен оқушыларға арналған республикалық «Graphicon» математикалық конкурсының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1. Ереже педагогтер мен оқушыларға арналған «Graphicon» математикалық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру, өткізу, қатысу және жеңімпаздарды анықтау тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурс – математикалық әдістерді, графиктерді, геометрия мен теңдеулерді қолдана отырып, ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен мәдениетті бейнелейтін визуалды өнер туындыларын жасауға бағытталған шығармашылық жоба.

II. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** оқушылардың математикаға, сондай-ақ өнер мен мәдениетке деген қызығушылықтарын арттыру және қолдау, креативті және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, визуалды ақпаратты тиімді жеткізе білу мәдениетін қалыптастыру, заманауи графикалық құралдарды (цифрлық технологияларды) қолдану арқылы шығармашылық әлеуетін ашу.

2.2.**Міндеттері:**

- жас буынның шығармашылық ойлау, эстетикалық талғам және дизайндық дағдыларын жетілдіру;
- оқушылардың ғылыми, әлеуметтік және мәдени тақырыптарға деген қызығушылығын арттыру;
- талантты, креативті оқушыларды анықтап, қолдау көрсету.

III. Конкурс ұйымдастырушылары

3.1. Конкурсты «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы және «Graphicon Lab» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бірлесіп өткізеді.

3.2. Конкурс ұйымдастыруды және оған басшылықты ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады және олар келесі функцияларды атқарады:

- ❖ Ережені, тапсырмалар мен бағалау критерийлерін бекітеді;
- ❖ Конкурстың барлық кезеңдерінің әділ әрі ашық өтуін бақылайды;
- ❖ Тапсырмаларды қарастырады, демеушілермен және серіктестермен өзара әрекеттесуді үйлестіреді.
- ❖ Конкурс қорытындыларын рәсімдейді.

3.3.Ұйымдастырушылар іс-шара барысында алынған фото, бейнематериалдарды және қатысушылардың жұмыстарын ақпараттық және жарнамалық мақсаттарда пайдалана алады.

3.4. Конкурста апелляция қарастырылмайды. Қатысушылардың байқауға қатысуы осы шешіммен келісімін білдіреді.

3.5. Ұйымдастырушылар адал бәсекелестікті қамтамасыз етеді.

IV. Конкурс қатысушылары

4.1.Конкурсқа білім беру ұйымдарының **1–11 (12) сынып оқушылары** математика пәні мұғалімінің жетекшілігімен қатыса алады.

4.2. Бір мұғалім шектеусіз сандағы оқушыға жетекшілік ете алады.

4.3. Қатысу форматы – тек жеке. Командалық немесе жұптық жұмыстар қабылданбайды.

V. Конкурсты өткізу тәртібі мен кезеңдері

Конкурс екі негізгі кезеңнен тұрады: **Іріктеу кезеңі** және **Республикалық кезең**.

5.1. Тіркелу. Барлық қатысушылар graphicon.kz сайты арқылы **2026 жылғы 15 қарашаға дейін** тіркелуі тиіс.

5.2. Іріктеу кезеңі (Барлық 1–11 сыныптар үшін)

- **Өткізу мерзімі:** 2026 жылғы 16–22 қараша аралығы.
- **Форматы:** Онлайн тестілеу (graphicon.kz сайтындағы жеке кабинетте).
- **Тапсырма құрылымы:** Оқу бағдарламасы бойынша математикалық функциялар мен олардың графиктеріне қатысты 30 тест сұрағы (әр сұрақта 4 жауап нұсқасы бар, біреуі дұрыс).
- **Орындау уақыты:** 60 минут (1 астрономиялық сағат).
- **Республикалық кезеңге өту шарты:**
  - **1–6 сыныптар:** Әр сынып (параллель) бойынша **29–30 ұпай** жинаған қатысушылар өтеді.
  - **7–11 сыныптар:** Әр район/аудан бойынша өз сыныбында **ең жоғары ұпай** жинаған қатысушылар өтеді.

- **Нәтижесі:** Іріктеу нәтижесі қатысушының graphicon.kz сайтындағы жеке кабинетінде жарияланады.

5.3. Республикалық кезеңді өткізу тәртібі.

👦 **А) 1–6 сынып оқушылары үшін (Онлайн тест):**

- **Өткізу мерзімі:** 2027 жылғы сәуір айы.
- **Форматы:** graphicon.kz сайты арқылы онлайн тестілеу.
- **Тапсырмалар:** 30 тест сұрағы (4 жауап нұсқасы, 1 дұрыс жауап).
- **Уақыты:** 60 минут.
- **Бағалау:** Жинаған жалпы ұпай мен тестті орындауға жұмсалған уақыт ескеріледі.

🎓 **Б) 7–11 (12) сынып оқушылары үшін (Оффлайн жоба қорғау):**

- **Өткізу орны:** Астана қаласы.
- **Дайындық кезеңі (Жұмысты жіберу):**
  - Қатысушылар 1-қосымшада берілген тақырыпқа сай өз жобасын **Desmos** онлайн-графикалық калькуляторында жеке орындайды.
  - Жобаны **2027 жылғы 28 ақпан сағат 23:59-ға дейін** graphicon.kz сайты арқылы жіберу қажет. **Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін жұмыстар қабылданбайды.**
  - Жұмыс Қазақстанның ұлттық құндылықтарын, мәдениеті мен табиғатын бейнелеуі қажет.
- **Жіберілетін материалдар тізімі:**
  1. Desmos калькуляторындағы жобаның белсенді сілтемесі;
  2. Дайын суреттің толық скриншоты;
  3. Қысқаша сипаттама (қолданылған функциялар тізімі және олардың тақырыппен байланысы).
- **Финалдық қорғау:** Оқушылар Астана қаласында қазылар алқасының алдында өз жұмысын қорғап, қолданылған функциялар мен теңдеулер бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.
- Байқау жұмыстарының бағалау критерийлері (*қосымша 2)* ұсынылады.
- **Қаржылық шарттар:** Қатысушылар мен олардың жетекшілерінің жол, тұру және тамақтану шығындары жіберуші тарап есебінен төленеді.

5.4. **Маңызды талаптар мен ескертулер**

- **Дайын сурет қолдану:** Жұмыста желіден алынған болмаса басқа да дайын суреттер қолданбауы тиіс.
- **Авторлық құқық (Плагиат):** Жұмыс 100% авторлық болуы тиіс. Өзгенің жұмысын көшіру, бұрынғы жылдардағы дайын жобаларды ұсыну қатаң түрде дисквалификацияға (жарыстан шеттетуге) әкеледі.
- **Әдеп нормалары:** Жұмыс мазмұны бейәдеп болмауы және ұлттық құндылықтарға қайшы келмеуі тиіс.

5.5.**Оқыту ресурстары:** Дайындық барысында қатысушылар мен мұғалімдер үшін graphicon.kz сайтында Desmos графикалық калькуляторын меңгеруге арналған арнайы интерактивті сабақтар ұсынылған (3-қосымша).

VI. Конкурстың қазылар алқасы

6.1. Қазылар алқасының құрамын Ұйымдастыру комитеті бекітеді және хаттамаға енгізеді.

6.2. Қазылар алқасының мүшелері:

- ❖ қатысушылардың жұмысын тексереді және бағалайды;
- ❖ нәтижелерін хаттамаға енгізеді;
- ❖ ұсынылған жобаларды бекітілген бағалау рубрикасы негізінде сараптайды;
- ❖ жүлдегерлер мен жеңімпаздарын анықтайды;
- ❖ қатысушылардың жұмысын бағалаудың даулы мәселелерін талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- ❖ Конкурстың ережесіне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

VII. Конкурстың қорытындысы

7.1. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады (jetistik.kz сайты арқылы).

VIII. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Конкурсқа қатысу осы Ережемен келісуді білдіреді.

8.2. Ұйымдастырушы осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.

8.3. Өтінім бере отырып, Конкурсқа қатысушылар сұратылған дербес деректерді өңдеуге келісім білдіреді.

Қосымша 1

Байқау тақырыптары

Сынып	Тақырып	Сипаттамасы
7-сынып	*«Ұлттық ою-өрнектер»*	Оқушылар сызықтық және квадраттық функцияларды, шеңберлер мен қарапайым қисықтарды қолданып, ұлттық ою-өрнектер бейнелейді.
8-сынып	*«Туған өлке пейзаждары»*	Қазақстан табиғатын бейнелейтін графикалық суреттер жасау.
9-сынып	*«Ұлы дала бейнелері»*	Қазақстанның символдарын графикалық портрет түрінде бейнелеу.
10-сынып	*«Орнамент пен сәулеттегі тригонометрия»*	Тригонометриялық функцияларды (және онымен шектелмей) қолданып суреттер салу.
11-сынып	*«Қазақстанның болашағы функцияларда»*	«Математикалық қиял» стилінде орындалған жұмыстар: жаңа қалалар, көпірлер мен жолдар; болашақ Қазақстанның технологиясы мен сәулеті. Экспонента, логарифм, тригонометрия және параметрлік теңдеулерді пайдалану.

Қосымша 2

Бағалау критерийлері

Санат	10 балл	8 балл	6 балл	4 балл	2 балл	0 балл
Математикалық дәлдік	Барлық есептеулер мен салулар дұрыс, қате жоқ.	Ұсақ дәлсіздіктер бар, бірақ жалпы дұрыс.	Кейбір қателер бар, бірақ жұмыс жалпы түсінікті.	Елеулі қателер бар, суреттің мазмұны бұрмаланған.	Көптеген салулар мен есептеулер қате.	Математикалық бөлік мүлде жоқ.
Функциялар алуандылығы	Кемінде 3 түрлі функция қолданылған (сынып деңгейіне сай).	2–3 түрлі функция қолданылған.	Негізінен бір функция қолданылған, аздаған өзгерістер бар.	Дерлік барлығы бір функцияға негізделген.	Тек бір қарапайым функция қолданылған.	Ешқандай функция қолданылмаған.

Санат	5 балл	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл	0 балл
Тақырыпқа сәйкестік	Жұмыс тақырыпты толық ашады, барлық элементтер берілген бағытқа сай.	Негізінен тақырыпқа сәйкес, аздаған ауытқулар бар.	Тақырып ішінара ашылған, жұмысты жетілдіру қажет.	Тақырыппен әлсіз байланыс бар, тек кейбір элементтер сәйкес.	Тақырыппен байланысы өте аз.	Тақырыппен мүлде байланысы жоқ.
Қазақстан мәдениеті мен табиғатымен байланыс	Қазақстанның ою-өрнектері, табиғаты немесе ұлттық символдары айқын	Мәдени элементтер бар, бірақ негізгі емес.	Байланыс ішінара көрініс тапқан.	Мәдениетке немесе табиғатқа әлсіз сілтеме бар.	Мәдени элементтер өте аз немесе байқалмайды.	Қазақстан мәдениеті мен табиғатымен байланыс жоқ.

	көрсетілген.					
Түпнұсқалық және эстетика	Ерекше идея, үйлесімді және әдемі орындалған, жұмыс толық аяқталған.	Оригиналды, бірақ аздаған кемшіліктер бар.	Идея бар, бірақ орындалуы қарапайым.	Шығармашылық аз, безендірілуі әлсіз.	Ұқыпсыз, түпнұсқалығы төмен жұмыс.	Креативтілік пен аяқталғандық мүлде жоқ.

Қосымша 3

graphicon.kz сайтындағы қатысушыларға арналған сабақтар тақырыбы:

1. Кіріспе және сызықтық функциялар
2. Квадраттық және кубтық функциялар
3. Басқа типті функциялар
4. Анимация жасау
5. Шектеулер мен теңсіздіктер арқылы бояу
6. Кестелермен жұмыс
7. Функциялар каталогы
8. Түстерді реттеу
9. Графиктерді жасау және дизайн